

ашу үшін бір ғана өзі куә болған жайға тоқталып, бір дананың екінші ұлы талантқа баға бергенін баян ету арқылы көрсете білген.

Жеке тұлғалар мен олардың арасындағы қақтығыстарды зерттей отырып, очеркші әлеуметтанушы секілді өз назарын нақты қарым- қатынасты зерттеуге бұрады. Ол үшін кейіпкерінің мінез құлқын тек қана бейнелеу құралы деп емес, сонымен қатар әлеуметтік құбылыс деп қабылдауы тиіс. Жағдай мен мінез- құлықты талдай отырып, очеркші оқырманға бұл тек қана «кітап шындығы» емес екендігін, оның ойы мен сезімі бар адам, тіпті өмірдің өзі екендігін дәлелдейді. Очеркші характерлер мен типтерді зерттеп, оларға баға береді, оқырмандарды публицистикалық қорытындыға әкеледі. Қазіргі очерктерде бүгінгі күн проблемаларын, күнделікті еңбек адамдарының өмірін пысықтап бейнелеу көптеп кездеседі. Очеркші осының бәрінен хабардар болуы керек. Очеркші өндіріспен, бүгінгі өмірмен байланысы жоқ адамдарды емес, керісінше, барлық адамзаттың жетістіктері, адамдардың еңбегінің жемісі екенін біліп барып, шығарма жазуға отырады.

Адам табиғаттың иесі, оның негізгі күн көрісі де осы табиғатпен байланысты. Очеркшінің міндеті де- адамның ұлылығын көрсету. Қорыта айтқанда, очеркші бүгінгі күннің қоғамдық пікірін жинаушы, сонымен қатар қоғамдық пікірдің ұйымдастырушысы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ыдыросов Т. Очерк туралы ойлар. – Алматы: Қазақстан, 1969.
2. Ыдыросов Т. Очерк және бесжылдық. – Алматы: Қазақстан 1682.
3. Ыдыросов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984
4. Кенжебаев Б. Жаңа әдебиеттің туа бастаған шағы// Жұлдыз. 1960 №1.- 172-173-б.
5. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968- 185б.

#### Бахбергенова Гүлбақыт

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты

[gulbakytbakbergenova@gmail.com](mailto:gulbakytbakbergenova@gmail.com)

*Ғылыми жетекші:*

*ф.ғ.д., профессор Жарылғапов Ж.Ж.*

#### МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ «ҚЫЗҒЫШ ҚҰСЫ» ЖӘНЕ СИМВОЛИЗМ

Махамбет – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған ұлы қазақ ақыны, батыр. Табиғат оны композитор, күйдің шебер орындаушысы, шешен және жалынды ақын ретінде үстемдеді. Махамбет жырлары – өзі өмір сүрген дәуірдегі Ресей патшасы мен Жәңгір ханның халықты екі жақтық қанауына қарсы шыққан шаруалар көтерілісінің айқын үні. Оның өлеңдері көбені толғау, жыр үлгісінде айтылған. Негізгі тақырыптары, айтпақ ойы – халықтың еркіндігін, өзінің арман-тілегін жеткізу, Исатай батырдың ерлікке толы өмірін үлгі ету [1;37].

Махамбеттің шығармашылық мұрасы жүзге жуық өлеңді құрайды. Тарихтан белгілі болғандай, ақын өзі шығарған өлеңдерін қағаз бетіне түсірмеген. Махамбеттің поэтикалық мол мұрасын Шернияз, Бекет, Мұрат және Лұқпан сынды ақындар зерттеп, басып шығарған.

Махамбет тек поэтикалық шеберлігімен ғана емес, ең алдымен өзінің даналығымен және адамгершілігімен де жалпыға бірдей құрметке қол жеткізді. Ол өз өлеңдерінде негізінен қазақ қоғамының әлеуметтік-психологиялық аспектілеріне, қарапайым халықпен болып жатқан процестерге, әділдік пен арамдыққа, мейірімділік пен зұлымдыққа назар аударды [2].

Махамбет тұлғасы тірісінде-ақ қалық қазақ үшін ерліктің, батырлықтың, өрліктің белгісіне, ал жалынды жырлары азаттық дабылына айналып үлгерген болатын. Артына күреспен өткен өмірімен өшпес өнеге, өлмес туындылар қалдырған, міне бір жарым

ғасырдан бері ел намысын ту еткен батыр, халық арманын қалтықсыз жырлаған азамат ақын ретінде сан ұрпақтың сүйіспеншілігіне бөленіп, ұлтымен бірге жасасып келеді. Ұлтымыз кеше Махамбетті қалай қастерлеп, жырын жаттап, өмірін өнеге етіп келсе, азаттық аясында бүгін де қастерлейді, ертең де осылай боларына еш күмән жоқ. Махамбет баршаға аян, ғұмырын да, жырларын да халық, көпшілік теңдігі үшін күреске арнаған, осы ұлы мақсат жолында мерт болған батыр, ақын. Ол халқын шын жүректен сүйген, азаттық туралы халықтың ішкі арманын шабыттана жырлаған. Оның реалистік өлеңдері қарапайым халықтың таптық күресінен туындаған заман рухымен сусындаған.

Ақынның өлеңдері басқа тілдерге аударылмаған. Оның себебін Махамбет тілінің күрделілігімен түсіндіреді. Ақынның поэзиясы көркем тілмен көмкеріліп, қазақ тілінің рухына негізделіп жазылған. Мұның бір мысалы ретінде келесі өлең жоларын ұсынуға болады:

Арқаның қызыл изені,  
Басы күрдік, түбі арал.  
Қыдыра шалар аруана,  
Елінде қария болмаса,  
Жастарың болар диуана.  
Бір сынаған жаманды  
Екінші қайтара сынама.  
Тірлікте сыйсыз ағайын,  
Құм құйылсын көзіңе.  
Өлгенде бекер жылама.

Міне, мағынасы осынша терең, ешқандай ұлтта жоқ, тілдік қоры өте бай, қазақ деген халықтан шыққан Махамбет батырдың осы бір шумақ өлең жолдарын шетелдің «менмін» деген білгір ғалымдары қанша әрекет етсе де, аударма алмаған.

Махамбет көтерілісші ақын ретінде жырларын ұлттық болмысқа икемдеп жазады. Ол өз халқының жайын қамдап, бостандығын бекіп, тәуелсіздікке бет бұрған армандарын өлеңмен жеткізе білді. Ақынның шындық сарынындағы жырлары уақыт рухына кірігіп, қара қазақтың таптық күресінің сипатында ұсынылған. Ақын жырлары қарулы көтерілістің басты құралы ретінде көрініс береді [3].

Махамбет рухы Ұлы Отан соғысы кезінде Отан қорғаушылардың жігерін жанып, иығын демеген. Сондықтан, ақынның өмірі мен шығармашылығы ұлт үшін ұмытылмас жыр-дастандардың біріне айналды.

Махамбет өлеңдерінің сыршылдығы, шыншылдығы мен сұлулығы жыр сүйер жандарды талай тамсандырып, дуалы ауызды тұлғалардың қошеметін иемденіп, ілтипатына бөленген. Парақ бетіне есімін бүркеншектеп, атын анық айтуға қымсынып, үрейленетін ғасырда тасты жарған бүршіктей сусындап, нәрлі жырларды жасырын оқыған талай жүректі өзіне баулап, өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені ақиқат [4;56].

Поэзия – ақынның жанының теберенісі, рухының биіктігі мен ішкі жан-дүниесінен сыр шертетен ерекше жыр. Біз өлең жырлардың жазылуына байланысты бірнеше топтарға бөлеміз. Арнау өлеңдері, жыр, дастан, толғау деп жатамыз. Дегенмен поэзияның айтар тағы да басқа қыры, шертер сыры бар екенін ұмытпаған жөн. Ол поэзиядағы бейне деп аталады. Мысалы, «қазақ поэзиясындағы бәйтерек бейнесі» немесе «қазақ поэзиясындағы құстар бейнесі». Мысалы, бір ақындар тобы болады, олар табиғатқа жан бітіреді, күзді күңіретіп, қысты пәк етіп жырлауға құмар. Сол секілді жазды жадыратып, көктемді жаңа өмірге, жаңа серпіліспен байланыстырады. Бір ақындар тобы болады, сезімнің сан түрін жырлай алатын, махаббатқа от беретін жырларымен жүректі баурайды. Осындай ақындарымыздың бір тобы құстарға жан бітіріп, поэзияларына арқау етеді. Сондай ақындарымыздың бірі әр сөзі от болып шыққан от ауызды ақын болған Махамбет Өтемісұлы.

XIX ғасырда қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік бейнешілдік стилімен дараланған, Махамбеттің жаңашылдығы әлем әдебиетіндегі символизмнің пайда болуымен де байланысты.

Поэзиядағы символизм – бұл XIX ғасырдың ортасында пайда болған және қазіргі поэзияға әсер етуді жалғастыратын әдеби бағыт. Символизмнің негізгі белгілері – терең эмоциялар мен идеяларды жеткізу үшін символдарды, метафораларды және аллегорияларды қолдану. Символистік поэзия әртүрлі түсіндірулерге ашық және оқырманға мағыналарды өз бетінше іздеуге мүмкіндік береді [5;42].

Символистік поэзия ойды тікелей жіне айқын жеткізуден ерекшеленді, ол метафораларға, аллегорияларға және белгілерне бейім. Ол заттардың сыртқы түрін ғана емес, сонымен қатар олардың ішкі мәнін, эмоционалды әсері мен руханы мазмұнын жеткізуге тырысады.

Поэзиядағы символизмнің өзіндік ерекшеліктері мен стилистикалық әдістері бар, мысалы, музыкалық және ритақты қолдану, сөздер мен дыбыстармен ойнау, өлеңнің формасы мен құрылымымен тәжірибе жасау.

Символизм алғаш әлем әдебиетінде романтизммен берге дамыды. Кейін романтикалық сарын өршіл және кері тартпа болып екіге бөлінгенде, ойды бейнелеп жеткізуге шындық пен жалғандықтың ара салмағын өлшеп көрсететін әдеби құралға айналып, XIX ғасырдың ортасында әдебиетте романтикалық сарын мен реалистік шындыққа қосымша жаңа әдеби әдіс болып, Еуропа және орыс әдебиетінде қалыптасты [6;21].

Қоғамдағы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты, бірде күшейіп, бірде жоғалып отырды. Оның қолданушылардың да көзқарасы әр түрлі болды. Өмірдің шындығын шығармада ашып жазудың қажеті жоқ, оқыған адам қалай қабылдаса солай болуы керек дегендер, сөз сиқырлы құрал ретінде айтылмақ ойды, образды оқырман санасына сендіру арқылы жеткізіп, мұнайтып, қуынтып, көңілге түрлі күй бейнелейді деушілер де болды. Символизмге А.Толстой келесідей баға береді: «Оқырман мен суреткерді жақын табыстыратын тәсіл».

Символизм күш ала келе әдеби стиль ғана емес, қоғамда өзгерістер жасайтын саяси қару, экономикасы тұралап жатқан елдердің, ішкі ынтымағын ыдыратын, төңкеріліс жасап, басып алу мақсатындағы соғыс тәсіліне айналды. Ол мақсаттарды іске асыру үшін мағынасыз қимыл мен жекелеген сөздерді пайдалану арқылы, санаға әсер етіп, адамдардың ашу-ызасын қоздартып, қытығына тиген. Сондай-ақ символизм – қоғамдық басқару жүйесіндегі кемшіліктермен көзқарасы келіспегендерді қоғамнан аластатудағы, қоғамдық бәсекелестік күшейгенді, тәртіп сақшыларының қолданған қаруы да болған. Бұған символизмнің үлкен күрдегі процестерді бастан кешіп, дамып келе жатқандығы, оның өміршеңдігі ғана емес, тағдырының да көп жағдайды қоғамдық билікпен байланысты болғандығы да дәлел. Себебі ашық айтылған ой бақылауға алынып, қудаланса, баспасөзде жазылған пікірлер цензураға жіберіледі. Осыдан келіп мағынасы сырғымалы, ойы екі ұшты, тұманды тірейтін, абстрактілі, философиялық шығармалар дүниеге келді. Ол бастапқыда поэзияда көрініс берсе, кейін прозаға ауысты [7;9].

Махамбет өлеңдеріндегі символизмге негізделген поэзияның тамаша көрінісі – жоқтау сарынында шығарылған «Қызғыш құс» жыры. Өлеңнің шығу тарихы елдік пен ерлік күресінде ақынның жан жолдасы болған Исатайдың өлімімен байланысты. Аты айтып тұрғандай, өлеңдегі басты символ – қызғыш құс. Ол Қазақстанның әрбір өңірінде кездесетін жон арқасы мен жемсауы қара қоңыр, бауыры ақ түсті ерекше құс. Яғни, поэзия орнитологияға негізделген.

Орнитология – құстарды зерттейтін ғылым. Бұл пән әдетте байыпты және ғылыми зерттеулермен байланысты болса да, кейде ол поэтикалық шабытқа айналуы мүмкін. Қазақ әдебиетіндегі құстың бейнесі осы халықтың мәдениеті мен фольклорының әртүрлі аспектілеріне енетін көп қырлы және символдық элемент болып табылады. Қазақ мәдениетіндегі құстардың символикасы дәстүрлердің терең қабаттарына еніп, халықтың құндылықтары мен сенімдерінің алуан түрлілігін көрсетеді. Құстар табиғатымыздың жаратқан көркемдігінің бір белгісі.

Махамбет Өтемісұлы құстардың бейнесі мен ерекшеліктеріне қарай өз өлеңдеріне тиімді арқау ете білген.

Қазақ поэзиясында құс қанатты құбылыстар жиі кездеседі. Олардың мысалы ретінде, кен шалқар қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі Есенғали Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ». Құстар табиғатымыздың жаратқан көркемдігінің бір белгісі. Әр қайсысының белгілі бір мағынасы, жеткізер ойы бар.

Махамбет өлеңінде «қызғыш құштың» бірнеше символын бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – құстың дауысына негізделген көркемдік. Құстың ерекшелігі – сәл тыныштығы бұзылса, «қыз-ғы», «қыз-ғы» деп үндей жөнеледі. Осыдан құс «қызғыш құс» аталып кеткен. Досы мәңгілік мекеніне аттанып, тыныштығы бұзылып, дел-сал қалыпқа енген Махамбет жанына түскен жараны жырмен емдейді. Ақын жан тыныштығының бұзылғанын келесі өлең жолдарымен жеткізеді:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос.  
Исатайдан айырылып,  
Жалғыздықпен болдым дос.  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Екінші символизм – құстың қамқорлығы. Қызғыш құс – балапандарының қанаты қатайғанша қамқорлық жасап, қорғап, өргізеді. Одан бөлек, құстардың тағы бір ерекшелігі – айдын көлді қорып, топтасып ұшуы. Осыдан кейін, қазақ әдебиетінде «қызғыштай қорыған» деген сөз сақталған.

«Қызғыш құс» өлеңінде еліне, халқына сүйіспеншілігін, сезімін «ау, қызғыш құс, қызғыш құс, ел қорыған мен едім, мен де айырылдым елімнен, көл қорыған сен елдің, сен де айырылдың көліңнен» деген психологиялық параллелизм арқылы бейнелейді. Елден айырылып, қуғынға түскен ерлердің хәлі лашыннан ығысқан панасыз қызғыш құс тағдыраны ұқсастыралы жырланады. Қызғыш құстың көлсіз тіршілігі болмаса, ақынның туған елі, туған жерінсіз тіршілігі жоқ. Ақын құстарды адалдық пен пәктікке, тазалықтың символына балайды.

Ақын өзінің көңіл-күйін, тағдырын қызғыш құспен салыстырады. Өзі ел бастаған батыр болса, қызғыш құс – көлдің қорғаны. Қызғыш құсқа көлсіз тіршілік қажет емес, ал ақынға туған ел мен өскен жерсіз өмірдің кереметі жоқ. Қызғышты көзден ажыратқан құстың жауы лашынның тепкісі болса, Махамбетті туған жерден айырып, қуғынға ұшыратқан – Жәңгір хан. Махамбет те көл қорыған қызғыштай ел үшін жанын құрбан етеді. Себебі, ол өзінің алдындағы халқының тәуелсіздігі жолында жанын қиған батыр бабалардан, ақын-жыраулардан үлгі алған күрескер ақын, жау жүрек батыр.

Өлеңде қызғыш құс бейнесі Махамбеттің хәлінде суреттеледі. Ол құсқа зарын айтады, хәлін суреттейді. Ақын адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен салыстыра егіздеуді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз тағдырын салыстырады. Қызғыш құстың көлсіз тіршілігі болмаса, ақынның туған елінсіз, туған топырағынсыз тіршілігі жоқ. Махамбет көл қорыған қызғыштай елі үшін отқа түседі. Қызғыш құстың жауы – лашын, ал Махамбеттің жауы – Жәңгір. Елінен айырып, қуғынға ұшыратқан да – Жәңгір.

Қырандардың өкше саусағы – адамның бас бармағы сияқты саусақтарының ішіндегі ең әлдісі. Әрекеті, қимыл-қозғалысы көп, тіршілік етуге икемді, мықтысы да осы. Басқа саусақтардың біреуі кемтар болып қалса да қырандар өз тамағын тауып жеуге көп қинала қоймайды. Ал тегеурін саусақ кемтарлыққа ұшыраса, жан бағуы өте қиынға соғады. Аңға да, қорғалақтап түсе алмайды.

Қазақ саятшылары ерекше атайтын қырандар аңды тегеурін күшімен ұстайды немесе тегеуріні арқылы теуіп жібереді. Іліп алатын қырандардың аңға түскен сәттегі ең алдымен тез қалатын тұяғы да – тегеурін. Ал, теуіп алатын қырандардың аңды, құсты тебетін аяғы да – тегеурін. Теуіп түсіретін қырандар жоғарыдан аса тез екпінмен сорғалап құйылады да,

алатын жеміс қас қағымда тегеурінімен тіліп өтеді, не сызып өтеді. Жарып жібереді десе де болады. Бірақ саятшылары мұны «теуіп түсіреді» деп мақамдайды. Тілімізге де солай сіңген.

Аспанда ұшқан қызғыш құс,

Сені көлден айырған–

Лашын құстың тепкіні – деп ақын Махамбет бекер айтпаған. Лашынның жарып жіберетін дінін, тұяғымен тіліп жіберетінін біле тұра, солай айтудың орнына «тепкіні» деп әдейі ауыс айтып тұр.

Жалпы, өлеңде ақынның елге, жерге деген сүйіспеншілігі, отанына деген сенімі терең бейнеленген. Махамбет – қазақ поэзиясы үшін мәңгілік тақырып. Талданған туындыларда Махамбеттей тұлғаның батырлық, ақындық ерекшеліктері әр қырынан, негізінен сәтті ашылған десек те, батыр бабаның болмысына, рухына неғұрлым сай биік тұлғасын жасау – келешектің ісі демекпіз. Көркемдік ізденістерімізге жаңа өріс, соны серпін керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған аймақтық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Шымкент: «Нұрлы бейне». – 2003. 106 б
2. «Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы туралы» //Қазақ әдебиеті. – 1937. № 41
3. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. – 2003. 12.09.Т.Төлеген. «Қазақ әдебиеті. Халық ауыз әдебиеті». - Алматы, 2015.
4. Махамбет поэзиясының тілі //Қазақ әдебиеті. – 1938.
5. Белый А. Символизм как миропонимание. – М.: Республика. – 2007. – 73 с.
6. Ермилова Е. Теория и образный мир символизма. – М.: Республика. – 2003. 38 с.
7. Пайман А. История символизма. – М., 2001. – 14-17 с.

#### Несипбекова А.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 1-ші курс докторанты

*Ғылыми жетекші:*

*ф.ғ.д., профессор Смағұлов Ж.К.*

### Т.КӘКШҰЛЫ ЖӘНЕ СӘКЕНТАНУ ІЛІМІНІҢ СЫРЛАРЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері жаңа заман жаршысы, публицист ақын Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы, творчествосы жөнінде ғалым Серік Қирабаев көшбасшы болып талай – талай ғалымдарымыз зерттеп сәкентану ілімінің негізін қалады. Серік Қирабаев және Есмағанбет Ысмайылов сынды ғалымдарымыздың зерттеулеріндегі ақын туралы қаншама мақала, публицистика, естеліктерді атамағанның өзінде Е. Ысмайловтың «Ақын және революция» (С.Сейфуллиннің творчестволық өмірі мен революциялық поэзиясы туралы), Ә.Тәжібаев «Өмір және поэзия», Т.Жангелдин «Сәкен Сейфуллин», проза саласында С. Талжановтың «Сейфолланың Сәкені», Ә.Көшімовтің «Лашын» хикаясы – ақын өмірі мен қызметін сипаттаса, С.Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин» (ақынның творчестволық жолы) Сәкен жөніндегі сүбелі еңбек екені және осы арқылы, осы еңбектерді оқу нәтижесінде біз ақын бейнесін сомдағанымыз айқын.

Міне, осындай ірі-ірі зерттеу еңбектері бола тұрса да, қазақтың біртуар азаматы С.Сейфулин үшін айтылар ой, зерттеулердің бітпегенінің бір дәлелі ретінде Т.Кәкішовтың сан жылдар Сәкен ғұмырнамасына тереңірек бойлай түсуді алдына мақсат